«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Гуманитарлық факультет
Филология кафедрасы

Бекітемін
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ ректоры
__________ Құрманбаева Ш.А.
"_23_" __қараша__ 2021 ж.

ABU ректорының арнайы грантын тағайындауға арналған «Тұғырлы 30 жыл» тақырыбындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша 11 сынып оқушылары арасында өтетін аймақтық пәндік олимпиада

**ЕРЕЖЕСІ**

Семей, 2021

Scanned by TapScanner

## 1. Жалпы ереже

Аймактык олимпиада **«Alikhan Bokeikhan University» ББМ** колдауымен **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына** арналған «Тұғырлы 30 жыл» аясында ABU ректорының арнайы грантын тағайындауға арналған филология кафедрасының ұйымдастыруымен өткізіледі.

## 1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «XXI ғасырдағы гуманитарлық білім және халықтың рухани мұрасы атты сайыс» (әрі қарай - Сайыс) Жастардың бойында патриоттық тәрбие, адамгершілік мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізіледі

1.2. Сайыс жалпы білім беретін мекемелердің 11-сынып оқушылары үшін өткізіледі

## 1.3. САЙЫС МАҚСАТЫ:

Жоғарғы сынып оқушыларын гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеушілік және шығармашылық жұмысқа тарту.

**Олимпиаданың негізгі міндеттері:**

-оқушыларды ғылыми зерттеушілік жұмысқа гуманитарлық ғылымдарды оқыту және инновациялық технологияларды қолдануды біріктіретін интеграцияланған бағыт негізінде жүйелі тарту;

-оқушының оқу орнында оқуы үшін алдын ала кәсіби дайындығын дамыту;

-оқушының бойында гуманитарлық мәдениет, жаһанды мәселелерге белсенді көзқарас қалыптастыру;

**1.3** Олимпиаданы ұйымдастырушы Тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кафедрасы болып табылады.

1.4. Сайысты әзірлеу ұйымдастыру жұмысын, сайысқа ұсынылған жұмыстарды бірыңғай түрде жеке талапқа сай болуын қадағалау мақсатында сайыстың

1.5. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бірыңғай ұлттық тестілеуге оқушылардың даярлық денгейін анықтау.

## 2. Олимпиада қатысушылары

**2.1.** Олимпиада қатысушылары аудандық жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары болып табылады.

**2.2.** Олимпиадаға қатысу үшін жіберуші тарап (жалпы орта білім беретін мектеп КММ) 11 сынып оқушылары құрайды.

**2.3.** Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын

## 3. Олимпиаданың өтетін уақыты

3.1. Олимпиада 2021 жылғы 6-11 желтоқсан күндері аралығында өткізіледі.

Scanned by TapScanner

## 4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда камтамасыз ету үшін арнайы ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті Қатысушылар тарапынан түсетін материалдарды қабылдауды камтамасыз етеді, олимпиаданың тапсырмаларын әзірлейді, олимпиада алқасын ұйымдастырады, қатысушыларға олимпиада тапсырмаларының тақырыбы жайында хабарлайды, оны өткізу қорытындылары туралы хабарлама дайындайды және т.б.

**4.2.** Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша Олимпиадаға қатысушылар Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті атынан Олимпиаданың шақырту қағазын және бағдарламасын алады.

**4.3** Қатысуға өтінім филология кафедрасына **01 желтоқсанға дейін** формаға сәйкес өтінім жолдануы тиіс (erowkan@mail.ru) немесе abu.edu.kz сайтында тіркелу керек. (**Қосымша №1)**

**Университет ректоры олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушыларға төмендегідей жеңілдіктер ұсынады:**

| Пән | 1 орын | 2 орын | 3 орын |
|---|---|---|---|
| Тарих | ABU ректорының гранты – 100 % жеңілдік | 50% оқу ақысына жеңілдік | 25 % оқу ақысына жеңілдік |

**4.4**. Олимпиада үш кезеңнен тұрады.

- **І кезенде** - Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен тест.
- **ІІ кезенде** – Берілген тақырыптары бойынша эссе жазуы.
- **ІІІ кезең олимпиада қатысушысының тілдік талдау жасай алуы мен әдеби талдауды меңгеруін анықтауға арналған** (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов шығармаларынан алынған) үзіндіге ауызша әдеби-теориялық талдау (образдар жүйесі, тілдік ерекшелігі).

**4.5.** Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың барлық шарттарын бағалау үшін 3 мүшеден тұратын қазылар алқасын құрайды. Қазылар алқасын ұйымдастыру комитеті сайлаған Олимпиада алқасының төрағасы басқарады.

**І кезең аудан орталықтарында өтеді.**

**Қорытынды 2-3 кезең Семей қаласында университет ғимаратында өтеді.**

**4.6. Олимпиаданың бірінші кезеңінде қатысушы:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен тест тапсыруы қажет.

Scanned by TapScanner

**Ескерту:**

1) Қатысушы тестен тек 1 рет қана өте алады, кайта тестті өту ұйымдастырушылар тарапынан кабылданбайды;

2. Қатысушы тестті бір рет қана орындай алады.

3. Тестілеу уақыты әр қатысушы үшін жеке, тестті бастаған уакытынан басталады.

4. Бір нұсқада елу сұрақ болады. Әр сұрақтың жауабы 1 ұпайға бағаланады. Барлығы - 50 ұпай

**4.7 Олимпиаданың екінші кезеңінде қатысушы:**

Үй жұмысы ретінде берілген тақырыптар бойынша бір такырыпка эссе жазып әкеледі. – 10 балл беріледі. (5 тапсырма). (4.02.2022)

**4.8 Олимпиаданың екінші кезеңі: қатысушылар төменде берілген тақырыптар бойынша Эссе жазу.** (**Эссе –** бұл оқытушы ұсынған тақырып бойынша өзіндік жазбаша жұмыс)

**Эссені жазу техникасы**

**Эссе** - ұсынылған тақырыптардың біріне жазылған өздік жазбаша жұмыс.

**Эссе мақсаты**: жеке шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту және өзіндік ойларын жазбаша мазмұндау.

**Эссе мазмұны:**

- қойылған мәселенің мәнісін нақты мазмұндау;
- берілген тақырып аясында қаралатын аталған мәселені концепция және талдау құралдарын пайдалану арқылы өзіндік талдау жүргізуді қосу;
- берілген мәселеге автор көзқарасының қорытындыларын түйіндеу.

**Эссе тақырыбы:**

Тақырып тек анықталған түсінікті мазмұндаудан тұрмау керек, оның мақсаты- ойлануға жетелейтін, яғни эссе тақырыбының мазмұны өзін толғандыратын сұрақ, мәселе сипатында болуы керек.

**Эссені құру:**

Эссе құру- бұл сұраққа жауап беру немесе классикалық дәлелдеу жүйесіне негізделген тақырыпты ашу. Эссенің көлемі 400-500 сөзді құрайды. Одан аз немесе көп сөз жазу төмен нәтижеге алып келуі мүмкін, сондықтан берілген стандарт пен форматқа сәйкес жазуға тырысу керек.

**Эссе құрылымы:**

1. Титул беті
2. Кіріспе - берілген тақырыпты таңдаудың мәнісі және негіздеуі. Логикалық және стилистикалық байланысқан бірнеше компоненттерден тұрады.
3. Негізгі бөлім- берілген мәселенің теориялық негізі және негізгі тақырыпты мазмұндау.

Scanned by TapScanner

Бұл бөлім талдау мен дәйектеуді дамытуды көздейді. Сондай-ак бар мәліметтерді негіздеу. Дәйектемелердің құрылымдауы негізінде, тараулардың аты маңызды мәнге ие; Нақ осы жерде дәйектемелерді негіздеу қажет (мәліметтер мен тұжырымдарды қолдана отырып логикалық түрде).

4. Қорытынды – тақырып бойынша қолдану аясы көрсетілген түйіндемелер мен дәйектелген қорытындылар. және т.б. Негізгі бөлімде мазмұндалған мағынасы мен мәнін тағы бір рет түсініктейді немесе эссені қорытындылайды. Қорытындыда, басқа мәселелер мен өзара байланысты жоққа шығармай-ақ зерттеулерді қолдануды көрсететін, эссені толықтыратын өте маңызды элемент болуы мүмкін.

**Эссе тақырыптары:**

1) Алаш ардақтылары көтерген идеялардың бүгінгі күні жүзеге асқандығын дәлелдеңіз
2) XX ғасыр басындағы қазақ халқы мен XIX ғасырдағы қазақ болмысын А.Байтұрсыновтың "Қазақ салты" өлеңін негізге ала отырып салыстырыңыз
3) Астана - тәуелсіздіктің жемісі. Өз көзқарасыңызды дәлелдеңіз
4) Қазақ жастарының бүгінгі келбеті
5) Абайдың он сегізінші қара сөзіндегі ақынның негізгі ойын талдап, өз көзқарасыңызды білдіріңіз

**- III қорытынды кезең – олимпиада қатысушысының тілдік талдау жасай алуы мен әдеби талдауды меңгеруін анықтауға арналған** (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов шығармаларынан алынған) үзіндіге ауызша әдеби-теориялық талдау (образдар жүйесі, тілдік ерекшелігі) **(04.02.2022).**

**5. Олимпиаданы қорытындылау**

5.1. Олимпиаданың түпкілікті нәтижелері қазылар алқасының қорытынды отырысында шығарылады.

5.2. Олимпиаданың нәтижелерін жариялау және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі қазылар алқасы жұмысын аяқтаған соң жүзеге асырылады.

5.3. Олимпиадаға қатысқан барлық оқушылар «Қатысушы дипломымен» марапатталады.

5.4. Олимпиада жеңімпаздарына арнайы жүлде қоры бекітілген I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

**6.Қосымша ақпарат**

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мына телефондарға хабарласуға болады:

Байланыс ақпараты: Қазақстан, 071400, Семей қ., Шмидта көшесі 44,
**Координатор:**
Филология кафедрасының меңгерушісі, PhD – **Мүрсәлім Г.О.**
+7 7784704127; e-mail: erowkan@mail.ru.

Scanned by TapScanner

№1-қосымша

**Олимпиадаға қатысуға өтінім**

| № | Қатысушының толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша | Аудан, қала, ауыл және мектептің атауы | Таңдау пәндері | Пәндік мұғалімінің толық аты-жөні жеке куәлігі бойынша |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

Scanned by TapScanner